№ 13 Дәріс. Зоонимдік фразеологизмдер.

Адамзат өміріне жануарлар әлемі өте етене таныс, жақындығы өркениеттің тарихи дамуы үрдісімен байланысты. Ертедегі адамдардың табиғат алдындағы дәрменсіздігі мен оған деген теріс түсініктері жануарлар культінен туындаған. Жануарлар әлеміндегі культтік таным адамзат творчествосының ең көне көрінісі болып табылады. Тіл мен мәдениет байланысын зерттеген ғалым В.А. Маслов пікіріне сүйенсек: “Культ животных – первая грань, которую древний человек проводит между собой и миром природы, признавая еще ее господство, но уже не отождествляя себя с ней” [В.А. Маслова, 1997; 122 б.]. Қазіргі уақытта рухани мәдениетте жануарлар әлемінің танымдық сипаты еш төмендеген жоқ, сондықтан да анимализм тілдік және мәдени стреотиптер мен поэтикалық бейнелердің ұғымдық көрінісінің жалғасы болып табылады.

Жануарлар әлемімен байланысты туған культтік фраземалар мағынасының мифологиялық төркініне зер салу – тіл тарихының қатпарларына үңілуге мүмкіндік береді. Адамзаттың саналы ғұмырынан бергі кезеңде онымен біте қайнасып келе жатқан алуан түрлі мифтік дүниетаным қазыналарының фраземалар қойнауларында жатқаны белгілі. Тілде өмір шындығы, адамның өзін айнала қоршаған дүние туралы сан ғасырлар бойындағы таным түсінігі мен болмыс-бітімі мол жинақталған.

Адамзаттың алғашқы қауымында, яғни әлем заңдылықтарын танып білудің балаң кезеңінде жалпы халықтың жинақталған қиял жемісі – миф пайда болған. Миф – ертедегі адамдардың не жайлы ойлағаны, неге сенгені, бір сөзбен айтқанда, әр нәрсені белгілі бір сезіммен қабылдауының бірден-бір көрінісі. “Мифте айтылған аңыздар мен шарттар, жабайылық емес, ол мәдениеттің басқа бір саласына енетін бір шындықтың саңлақтары” [Е.М. Мелетинский, 1979; 34 б.] болып табылады.

Ежелгі архаикалық ұғымдар ойдың сөзбен берілген көрінісін мойындаған, сондықтан да тілдің көне құрылымы сол дәуірдің архаикалық дамуын бейнелейді. Фраземалар – ұлттық тілдің архаикалық формасы, ал мифологиялық фраземалар – фразеологияның ең көне түрі.

Қазақ мифологиясы – бүгінгі қазақ халқын жасауға қатысқан бірнеше мыңжылдық көшпелі ру-тайпалардың “орташа” алынған сөздері, дүние-ғалам, өмір туралы түсініктерінің елесті танымдарының бірыңғай жүйесі. Қазақта айқын, мөлдір сипатты мифология жоқ. Ол ауыз әдебиеті мұраларының, жырлар мен дастандардың, әр түрлі шежіре аңыздардың, ертегілердің жұмбақ пен мақал-мәтелдердің, фразеологизмдердің астарында, сондай-ақ қазақ тілінің сөздік қорының қойнауында жасырынып жатыр [С. Қондыбаев, 1995; 17 б.].

Қазақ тіліндегі фраземалар өзіндік мазмұны мен құрылымына қарай әр алуан болып келеді. Олардың көбісі халықтың тарихын, наным-сенімін, көзқарасын, дүниетанымын білдіреді. Осы ерекшеліктер фраземалардың бейнелі-реңктік негізін құрайды. Фраземалар – тілдің мазмұндық жағының сан ғасырлық дамуының нәтижесі, сондықтан олар бізді қоршаған нақтылықтың күрделі ұғым мен түсініктерді ең қысқа, ықшам пішінде, түсінікті, бейнелі және эмоционалды түрде бейнелеу қабілетіне ие.

Алайда, фраземалардың бұл жалпы мінездемесі әр нақты жағдайда бейнелі-реңктік негізіне байланысты өз дифференциясын табады. Фраземалардың бейнелі-реңктік негізін халықтың әлеуметтік-экономикалық өмірін, рухани әлемі мен материалдық мәдениетін, тұрмыс-салтын, діни-мифологиялық наным-сенімдерін білдіретін факторлар көрсетеді.

Сол себепті фраземалардың пайда болуы мен жасалуына әр түрлі дәрежеде ықпал ететін экстралингвистикалық факторларды ұмытпаған жөн. Мысалы, егер Қиыр Солтістік пен Сібір түркі халықтары тілдерінің лексика- фразеологиялық категориялары бұғы шаруашылығының немесе тайгадағы аңшылық кәсібінің ерекшеліктерін бейнелесе, ал Орта Азия халықтарында мақта шаруашылығы, Поволжье халықтарында балық аулау кәсібінің, ал қазақтарда мал шаруашылығының ерекшеліктерін көрсетеді.

Мұның бәрі үй жануарларын өсіру мен күту, көлік, күнкөріс есебінде пайдалану, сол сияқты киім мен үй жабдықтарын жасау шикізаты ретінде пайдаланудың сан ғасырлық тәжірибесі тілде көрініс таппауы мүмкін емес еді. Қазақтардың көшпелі тұрмысының бұл ерекшеліктері, ең алдымен, фраземаларда орын алады.

Негізгі өмірі мал шаруашылығымен тікелей байланысты болған қазақ халқы үшін төрт түлік малдың орны ерекше. Қазақта *түйе, жылқы, қой, сиыр* малын қосып *төрт түлік* деп атайды. Ертеде дәулетті, ауқатты адамды *төрт түлігі сай* екен дегеніне қарағанда, байлық мал санымен есептелген болу керек. Төрт түлікті жеке-жеке атағанда *түйе малы, жылқы малы, қой малы (ешкі малы), сиыр малы* дейді, ал бұлардың бәрін қосып *тұяқты мал* деп атаған да, әрқайсысының иесі, пірі бар деп есептеген.

Төрт түлік малға қатысты фраземаларды сөз еткенде, жануарлар әлемін қоғамға ауыстырудың өзіндік тәсілі алдыңғы қатарға шығады. Қазақ тілінде фраземалар төрт түлік малдың сыртқы пішіні, мінез құлқы, әдеттеріне сәйкес адамның ерекшеліктерімен бейнелі және визуалды салыстыру, қатар қою негізінде пайда болған. Бір жағынан, жануарлар әлемін бақылау негізінде, екінші жағынан, адамдардың қоғамдағы қарым-қатынастары мен әр түрлі өмірлік жағдайлардағы іс-әрекеттеріне байланысты туған ассоциациялық параллельдер тілде көптеген ортақ немесе ұқсас көріністерді тауып фраземалардың бейнелі-реңктік негізінің тууына қызмет етеді.

Қазақ тілінде *сиыр сипағанды білмейді* деген фразема жақсылықты, ізгі сезімдерді түсінбейтін, бағаламайтын адамдарға қатысты қолданылады. Бұл жағдайда сиырдың физиологиялық қасиеті соған ұқсас адамның мінезі немесе психологиясына ауысқан. Мысалы: *жылқы мінезді* фраземасы адамды жағымды жағынан көрсетеді, яғни бұл жерде төзімді, кеселсіз, күшті адам сөз етіледі. Көшпелі халқымыз жылқыға тән бұл қасиеттерді өте жақсы сезініп, түсінген және адам бойына бағалы қасиет ретінде ауыстырған.

Мал шаруашылығына байланысты фраземалардың ортақтығы мен ауыспалылығы түркі тілдерінің синхрондық дамуында байқалады. Қазіргі түркі тілдерінің әр алуан топтары мен аймақтарында ортақ немесе фраземалық варианттар арқылы көрініс табады. Бұл фраземалардың фономорфо-семантикалық ауытқулары мен кейбір құрылымдық модификациялар – халықтардың бір генетикалық типтен таратылғандығын, тұрмыстық-салтындағы ұқсастығын немесе тарихи дамудың әр алуан кезеңіндегі тіларалық ауысулар мен саяси-экономикалық қатынастардың айғағы.

Мысалы: қазақ тілінде *ат жалын тартып міну,* қырғыз тілінде *ат жолын тартып минү* "*есею, жігіт болу*", қазақ тілінде *қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған кез,* қарақалпақ тілінде *қой үстінде торғай жұмыртқалау* "тыныштық кез, жанға жайлы кез" мағыналарын береді.

Түркі тілдерінде ортақ фраземалардың сақталуы олардың ұқсас, ортақ бейнелі-реңктік негізін көрсетеді. Төрт түлік малдың қатысуымен жасалған фраземалар адамның әр түрлі көңіл-күйін, мінезін, әлеуметтік және саяси қатынастарын және т.б. қасиеттерін білдіреді. Мысалы:

– бәр нәрсенің түр-түсі мен пішінін айқындау адамға тікелей салыстырып ауыстыру тәсілімен жасалған фраземалар: *қойдан қоңыр, жылқыдан торы, көк ала қойдай, нар атандай* және т.б.;

– уақытты, көлемді, қашықтықты, биіктікті т.б. анықтаудың халықтық қарапайым әдістері ретінде қолданылатын, салыстыру не салғастыру негізінде туған фраземалар: *қой өрісіндей жер – 5-6 шақырым; тай шаптырым жер, қозы көш жер – 6-7 шықырым; құнан шаптырым жер – 8-10 шақырым; бір көш жер – 10-15 шақырым; ат шаптырым жер – 20-35 шақырым; түйенің табаны түсер жер; Мекке қажылыққа барар өте алыс жер; ат басындай алтын; ат бойы; сиыр бәсеке; бес биенің сабасындай; бие бауырындай жер, бие сауымдай уақыт; бұзау салмағындай уақыт; кәрі қойдың жасындай* және т.б.

– адамның нақты өмірлік жағдайдағы мінезіне, психологиясына, қоғамдағы қарым-қатынастары мен іс-әрекеттеріне байланысты ерекшеліктерін бейнелі не ассоциациялы негізде салыстырудан туған фраземалар: *қой ауызнан шөп алмайтын, түйе үстінен сирақ*

үйіру, түйе шешкендей ету, тойған қозыдай томпию, егінге түскен сиырдай жайпау, боз інгендей боздау, бөрі көрген сиырдай мөңіреу, қолынан қой жарысы келмей, тұлпардай делебесі қозу, ат үстінде күн көру, ат арылту және т.б.

– адамның төрт-түлік малға қарым-қатынасын, көшпелі өмірдің мән-маңызын, биологиялық, физиологиялық өзгешеліктерін көрсететін фраземалар: *нарым әрі жүкті, әрі сүтті, әрі күшті, мал құлағы саңырау, ай мүйізді қошқар, төрт түлігі сай, құнанның құдайындай, тайын тәңіріндей, нар атандай, нар еді ердің құны, нардың пұлы, ауызына май, астыңа тай* және т.б.

Қазақ тіліндегі фраземаларды жіктеп талдау, көшпелі халықтың төрт түлік мал туралы ұғым-түсініктері бейнелеу немесе ассоциациялы салыстырулар түрінде тілдегі фраземаларда сақталғанын көрсетеді. Мұндай ассоциациялы салыстырулар мен ұқсатулар бейнелі-реңктік негіздер арқылы жүзеге асады. Сондықтан фраземалардың күрделі табиғатын анықтаудың кілті тілдің бай фактілерінде – халықтың рухани байлығының сақтаушысы.

Фраземалар халықтың өмір-тіршілігімен, жалпы қоғаммен, тарихпен, материалдық және рухани мәдениетімен тығыз байланысты болып келеді. Бұл байланыстар бүгінгі тілдік қолданыста ұмытылған, тек олардың астарлы, бейнелі мағыналары ғана сақталған. Қазақ халқының күнкөрісі, тұрмыс-тіршілігі төрт түлік малға байланысты. Жесе – азық, кисе – киім, мінсе – көлік дегендей, көшпелі жағдайда өмір сүрген қазақ халқы үшін төрт түлік мал тіршілік тірегі болды.

Өзінің тұрмыс-тіршілігінде осындай ерекше орын алған пайдасы тиіп, қызметі сіңген төрт түлік мал жайында қазақ халқы ерте заманда-ақ неше түрлі әңгіме, жыр, аңыз, өлеңдер шығарған. Бұлардың бәрінде де мал арманы, тілек-мүддесі көрініп отырады. Қазақ мәдени өмірінде адамдар жаратылыс сырын түсіне алмаған кездің өзінде-ақ төрт түлік малға байланысты шығармалар туа бастаған.

Ш. Уәлиханов "Шамандықтың қазақтардағы қалдығы" дейтін еңбегінде төрт түлікке байланысты шығармалардың алғашқы үлгілері ертеден адамның ой-өрісі төмен сатыда тұрған кезінде шыққандығын айтады. Жаратылыс сырын түсіне алмаған ол кездегі адамдар әлем дүниесіндегі әрбір құбылыстарды өзінше жорыған, бұларда жаратушы күш бар деп сенген, соған табынған.

Төрт түлік мал жайындағы өлең-жырлардың алғашқы үлгілері осындай ескі наным-сенімдерге байланысты туған. Онда әрбір түліктің жаратушы құдайы бар деп білген. Мәселен, қазақта "Қазығұрт тауы" деген әңгіме-жыр бар. Осы жырда халық төрт түлік малдың қалай пайда болғанын ескі діни ұғымдарға байланыстыра былай баяндайды: Баяғы бір заманда дүние жүзін топан-су қаптап кетеді. Тек Қазығұрт тауы аман қалады және осы таудың ығына Нұқ дейтін әулиенің кемесі тұрады. Топан-су қаптаған кезде жан-жануарлар осы кемеге тығылады. Кеме ішінде төрт түлік малдың әрқайсысынан тұқым бар. Бұл түліктерді сақтап қалған олардың жаратушысы, иелері болады. Жылқының иесі – жылқышы ата (*Қамбар ата),* қойдың иесі – *Шопан ата,* түйенің иесі – *Ойсыл қара,* сиырдың иесі – *Зеңгі баба,* ешкінің иесі – *Сексек ата* деп әрқайсысына жекелей ат қояды [М. Ғабдуллин, 1974; 37 б.]. "В так называемый магико-мифологический период развития этноязыковых общностей люди глубоко верили в чудодейственную силу слова, они или с блоговеннием или со страхом говорили о технологических, мияологических понятиях и усматривали в названиях предметов и явлений нечто таинственное. В силу этой веры любой мог обратиться к *Зенгибабу* (покрывателю рогатого скота), *Ойсылқару* (покрывателю верблюдов), *Камбар ату* (покрывателю лошадей), *Шопан ату* (покрывателю овец), *Шекшек ату* (покрывателю коз) с просьбой оберегать его скот от падежа и других стихийных бедствий" [Ә.Қайдар, 1998; 44 б.]. Төрт түлік малдың өз алдына иелері болуына, әрқайсысына жекелей ат қоюына қарағанда, "Қазығұрт тауы" сонау ерте заманда, көп құдайға табынған шамандық дәуірде туған деген жорамалдар бар. Бертін келе, қазақ арасына ислам діні тарап, көп құдайға табынушылық біртіндеп жойыла бастайды. Өйткені

ислам дінінің шарты бойынша, жаратушы құдай біреу ғана деп айтылады. Бірақ қазақтар ислам дінінің шартына да жан-тәнімен беріліп кете қойған жоқ.

Қазығұрт тауы туралы ел арасында мынандай аңыз сақталған: Дүниені топан су қаптағанда, Нұқ пайғамбар жан-жануар, жәндіктердің барлық түрінен тұқым алып, кемесінде сақтап қалған. Нұқтың кемесі аңыздарда Қазығұрт тауына келіп іліккенін айтады. Ал жоғарыда аталған төрт түліктің иелері мен иесінің аттары да осы Нұқ сақтаған малдың төлдерінен шыққан екен. Ол туралы халық аузында мына жолдар сақталған:

Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ол киелі болмаса неге қалған?
Ішінде екі қозы болған екен
Шопан ата деген сөз содан қалған…

Ш. Уәлиханов қазақтар ислам дінін, оның шарттарын мойындай отырып, нағыз діндар халық болмаған. Сондықтан олар бұрынғы шамандықты да, кейіннен енген исламды да бірдей қолданғанын айтады. Бұның дәлелі – төрт түлік мал жайындағы аңыз әңгімелер, өлең-жырлар мен ырымдар, халық санасындағы жоққа нанушылық, соқыр сезімге салынушылық, әр түрлі иелерге табынушылық ертедегі адамдардың ақыл-ойы мен танымының көздері болса, сол тілдік фактілер негізінде адамдардың хал-жайын, ой-санасын, дүниеге көзқарасын түсінуімізге көмектеседі.

Жер бетіндегі тіршілік иелері арасында жануарлар дүниесі адамға ентене жақын келеді. Адамзат өркениеті, тіршілік санасы жануарлар дүниесімен тығыз байланысты. Жалпы қоғамның алғашқы синкреттік ойлау сатысында, адам мен жануар арасында шектеу болған. Жануарлар әлеміне (культіне) сыйына отырып, адам мен жануар арасында ешқашан теңдік белгісі қойылмаған. Мифологияда жануарлар поэтикалық образ ретінде келтіріліп, әр халықтың танымына, тіршілігіне, ойлау менталитетіне қарай жануарлар образының берілуі де әр қилы.

Өмірі мал бағып өскен, мал сырын жақсы білген қазақ халқы төрт түліктің әрқайсысына тән қасиетін, мінезін айқындаған. Мысалы: *қойдан қоңыр, жылқыдан торы, қойдан жуас, тайдай тулау, сиыр мінезді, өгіздей өкіру, бұзау салмағындай, тойған қозыдай томпию* деген фраземалардан төрт түлік мал мінезі мен қасиеттерін білу, суреттеу арқылы адамға тән мінез бен қасиеттерді тану болып табылады.

Қазақ халқының ертедегі күн көрісі, тұрмыс-тіршілігі, шаруашылығы төрт түлік малға байланысты болғандығы халықтың психологиясына, сезім дүниесіне, әсіресе тіліне де қатты әсер етті. Белгілі әдебиетші ғалым Б. Кенжебаев былай дейді: “Қазақ халқы – малға сыр мінез. Адамның келбетін, түсін, сиқын жақсы-жаман мінезін, қылығын айқындап көрсету үшін, оны малдың мүшелерімен, мінезімен салыстырады, сөйтіп, әр түрлі теңеулер жасайды” [Б. Кенжебаев, 1958; 39 б.].

Қазақ баласын жақсы көргенде, айналып-толғанғанда *құлыным, қозым, ботам* дейді. Бұл сөздер бейнеге (образға) айналған. Сұлу қызға *Ботакөз* деп әдемі теңеумен теңеп, ат қояды, көңіл-күйін білдіруге келгенде *ботадай боздады, қозыдай шулады,* адам тұлғасын сипаттағанда *жігіттің нары* екен немесе бой жеткен сұлу қыздар жайында айтқанда *жез бұйдалы нар тамақтай* деседі. Бәрінің де оғаштығы жоқ адам ойына келген образды сөздер. Олардың қайсысы болса да, ерте заманнан бері төрт түлікпен кәсіп еткен халықтың тұрмыс-тіршілігіне байланысты туған және адамдардың мал жайындағы ой-сезімдерінен туындаған.

Қазақ халқы *түйені* ардақтап, сөз етуі – тек еті, сүті, жүні пайдалы болғандығынан ғана емес, оның күшті, төзімді көлік екендігінде. Көшіп-қонып жүрген жағдайда қазақ халқының негізгі көлігі *түйе* болған. *Түйе* жемге, шөлге төзімді келеді. Сондықтан да шаруа адамы *түйе малын* аса қадірлейтін болған. Бұның дәлелі – “Бозінген” ертегісіндегі түйенің асыра мақталып жырлануы. Егер ұзақ сапар, асу бел, бағыт-бағдарсыз жолды *төс табаны төрт елі, атан жүрер жер екен, түйе табаны түсер жер екен* деп суреттесе, күштілігі – *нар жолында жүк қалмас, атан жілік жігіт* деп, сұлулығын – *бота көзді боз жігіт, бота көз ару* деп суреттейді.

Түйе малының *атан, інген, нарша, тайлақ, бота, бура буырша, нар* деген түрлері бар. Қазақ тілінде осы атауларға қатысты фраземалар көптеп кездеседі. Мысалы: *атандай, нар атандай, нар еді, мұрнын тескен тайлақтай елпеңдеу, қаңтардағы бурадай тісін қайрау, нар бурадай шабынды, жаңа аяқтанған ботадай, бота тірсек, шоқ басқан тайлақтай* т.б.

Түйе малында болатын қимыл-әрекет атаулары да фраземалардың жасалуына ұйытқы болған: *ботадай боздау, ботасы өлген түйедей боздау / бақыру, бақырауық сары атан, кәрі түйедей бақырауық, күркіреді, күркіреуік, жараған бурпадай күркіреп, тісін қайрады, шабынды* т.б.

Табиғатта *ақ түйелер* сирек кездеседі. Сондықтан *ақ түсті аруана, ақ інген, ақ буралар* қазақ дәстүрінде киелі, қасиетті саналған. *Ақ түсті түйені* сою – тек бір ырымға байланысты істелген дәстүр болған. Соған байланысты *ақ түйенің қарны жарылды* деген фразема сирек болатын, таң қаларлық істі, молшылықтың символын білдіреді. *Ал нардың* ерекше саналғанын *ердің құны, нардың пұлы* деген фраземадан байқауға болады, ал түйе етінің молдығына *қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің* деген фразема іс насырға шапқанда айтылатын сөз.

Түйе малын киелі санаған қазақ халқы ұғымында *шаңырақ түйе* дәстүрі болған. Ұзатылған қыздың және оның жанындағы әйелдердің (анасы, жеңге-сіңлілері) мініп келе жатқан көлігі *шаңырақ түйе* деп аталған. Жас келін үшін ол ыстық, қасиетті мал болып саналады. Жолшыбай кездескен бөтен адамдар мінбейтін болған. Міне қалған жағдайда, оны көрген жұрт "пәленше келіннің шаңырақ түйесіне мініп келіпті" деп келемеждейтін болған. Халық салты бойынша, үлкен шаңырақ жеке түйеге артылып, көш алдында жүреді екен. Оған адам мінбейді, атпен жетелейді, "шаңырақ түйе" ұғымы осыдан сақталған.

Төрт түлік малдың ішінде қазақ халқы ерекше құрмет тұтатыны – *жылқы* малы. Жылқының ең басты қасиеті – ел қорғау жолында келтірген зор пайдасы. Қазақ халқының ауыз әдебиеті мен тарихи шежірелерінде батырларға қызмет еткен *сәйгүлік, тұлпар* аттары сүйсіне жырлап, өзіне лайықты ат берген. Ер Төстіктің *Шалқұйрық аты,* Керұғлының *Қыраты,* Алпамыстың *Байшұбары,* Қобыландының *Тайбурылы,* Қамбардың *Қарақасқасы,* Төлегеннің *Көкбозы,* Қараманның *Қарақасқасы,* Қараманның *Сандалкөгі,* Шатайдың *Ақтабаны* т.б. жержүйріктерге бұл аттардың қойылуы олардың түр-түсі, мінез ерекшелілігі, бітім-болмысы себеп болған.

Жүйрік аттардың дене бітімін суреттеу арқылы жасалған, тілде өзіндік орын алған әдемі теңеуге айналған фраземалар да бар: *қой мойын, қоян жақ, бөкен қабақ, ой желке, теке мұрын, салқы төс, тақыр бақай, жұмыр тұяқ, тар мықын, күлте құйрық, шақпақ етті, бота тірсек* (Абай). *Ойық желке, кекшіл бас, құлжа мойын, наз бедеу* (О. Бөкеев). *Күдерлі бел, күпшек сан* (О. Бөкеев).

Жылқы малының тұқымына, жүріс-тұрысына т.б. қарай бірнеше түрлері кездеседі: *арғымақ, қазанат, текежаумыт, бедеу ат, қазақы ат, пырақ, дүлдүл, тұлпар, жабы* т.б. Жылқы малының жасына қарай байқалатын мінезіне ұқсатып жасаған төмендегідей фраземалар да бар: *құлындай құлдырау, құлындай даусы шығу, бесті айғырдай азынау* т.б.

Жылқы малында болатын құбылыстарды білдіретін фраземалар: *үйірге түсу, үйірін қуу, құлағын біздей қадау, бүйірінен жарады, кекілінен қарады, қанжардай қатып жарады, ішін тарту, сүмбідей жарады, мейіздей қатып жарады, шаңына ілестірмеу, аса шабу, ақ бөкендей ойнау, топ жарған, сауға салған, қанаттыны қаққан, аузымен құс тістеген, бәйге бермес* т.б.

Жылқы малы мен адамның ара қатынасын білдіретін фраземалар: *ат салысу, аттан салу, ат ұстар, ат ұстатар, ат байлар, ат құйрығын кесісу, ат сауырын беру, ат құлағы теңесу, ат басын тіреу, ат басы бір кезеңге теңесті, жылқыға жау тигендей, ат сабылту, ат құрғатпау, ат айдауы, ат қосу, ат тарту, ат қайту, құйрық тістесіп кетуі*

Қазақ халқының ұғымында *ат мінгізіп, шапан жабу* салты сақталған. Құрметті қонаққа, ақын-жыраулар, халық батырлары мен елге еңбегі сіңген ардақты, айтулы азаматтарға – *ат мінгізіп, шапан жабу* ертеден келе жатқан ата салты. Өмір талабына сай бұл ұғым марапаттау, мадақтау (награда) құрметтерімен жалғасын табуда.

Негізгі тіршіліктің, өмір сүрудің көзі мал болып табылатын қазақ халқы үшін мал-жанның қыстан аман шығуын үлкен қуаныш санаған. Қыстан қысылып шыққан ел қар кетісімен сәуір айында кең жайлауға шығып, малын төлдетіп, қуанышқа кенеледі. Әсіресе, биелері аман құлындап, ол қарақұлақтанғаннан кейін жұрт асыға күткен ырыс пен береке дәстүрі "биебау", яғни *бие байлап,* қымыз сауу басталады. Дәстүр бойынша әр отбасы ерте дайындалып, қажетті саба, күбісін, ыдысын, ноқта желісін әзірлеп қояды. Бие байлап, оны салтанатпен сауу ырымын жасау, "қымызмұрындыққа" шақыру қазақ үшін үлкен той, мәжіліс болған.

Қазақ халқының "биебау" салтына этнографиялық тұрғыдан талдау жасай келіп С. Кенжеахметұлы былай дейді: "Биебау" дәстүрінде желі басына жұрт жиналып, бие желініне май жағып "құтты бол", "сүтті бол", өсімтал бол" деген тілек, бата жасайды. Содан кейін бие сауу басталады. Жылқыны жоғары бағалайтын қазақ *бие байлаған кезде, бие сауым, бие ағытар кезде* деген уақыт мөлшерін де белгілеген" [С. Кенжеахметұлы, 1998; 102 б.].

Төрт түліктің бірі – *сиыр малы* туралы да тілімізде фраземалар едәуір: *сиыр мінез* "мінезі теріс, шадыр кісілер туралы", *сиыр бүйректеніп* "ынтымақсыз, бөлек болу", *мүйіздескен сиырдай* "жанжал, өзара қақтығысу". Сиыр малын жасына қарай *бұзау, торпақ, тана, баспақ, тайынша* деп бөледі. Бұларға қатысты фраземалар: *құлыққа ұрған танадай, өгіздей боп, өгіз сияқты, өгіздей өкірді, өгіз олжа, бұқадай шықты, бұқаға салды* және т.б.

Қой малы да – төрт түліктің бірі. *Қой* жуастықтың, момындықтың, бейбіт жағдайдың символы ретінде танылып, тілде осы мағынаны білдіретін өте көп фраземалар жасалған: *Қой баласын сүйеді қоңырым деп, Еш нәрсені білмеген момыным деп* (Қ. Мырзалиев).

Осыдан келіп, адам момынын: *қойдай қоңыр, жылқыдан торы, қой аузынан шөп алмайтын, қойдан жуас* деп атайды. Ал, *қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған; қойы өрісте түнеген; жатып қалған бір тоқты жайылып мың қой болған жұрт* деп бейбіт өмірді, берекелі елді, құт мекенді айтқан. Адамдардың сағынып табысуын – *қойдай маңырап дуылдап, қойдай маңырап, қозыдай жамырап* деп, ал жұрттың тұйыққа тіреліп, сасқан шағын – *ұйлыққан қойдай қамалды* деп суреттеген, тату балаларды – *егіз қозыдай* деп теңеген.

Төрт түлікте қоймен қосылып айтылатын мал – *ешкі.* Оны *Сексек/Шекшек ата баласы* деп те атаған. Ешкіге қатысты мынандай фраземалар бар: *ешкі көзбену, ешкінің асығындай, ешкі болсын, теке болсын, балаларға сүт болсын, көгендейлі лақтай, текені әке, ешкіні шеше ету, лақтай секіру. Ешкінің серкесін* мал баққан жұрт қатты құрметтейді: *серкесіз қой болмайды* деп қоралы қойға басшы ретінде серке қояды да, оны *көсем серке* дейді. *Ат мүйізді ақ серке қойды бастар жар-жар-ау"* – осының дәлелі.

Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде, әдет-ғұрпында, салт-санасында амандықты тілейтін *мал-жан аман болсын!* фраземасының құрамындағы жан сөзінен бұрын мал сөзін алуының өзі малды қатты қадірлегендіктен айтылғаны анық.

Әйтсе де, малды бағу, күту онша жеңіл болмаған, мал өсіру, оны қысы-жазы бағудың ауыр бейнетін халық көтерген. Бұрынғы қасиетті деп аталатын мал иелеріне арлаған қарғысты адамдар мал ауруларымен байланыстырып қарғаған. Мәселен, жылқы ауруы – жамандату, қой ауруы – қарасан, түйенің – сусамыр, ақшелек, қойдың – топалаң, ешкі ауруы – ыза, шешек болған. Еңбектің ауыр азабын тартқан адам: *қарасан келгір!, жамандатқыр!, сусамыр болғыр!, топалаң болғыр!, кебенек келгір!, ала өкпе болғыр!* деп қарғайтын болған.

Негізгі шаруашылығы мен күнкөріс тіршілігі малмен байланысты болғандықтан жыл мезгілдерінің рақымды болуын, малға жайлы болуын тілеген өлеңдер көп-ақ. Солардың бірі:

Ұлыс күні қазан толса,
Ол жылы ақ мол болар.
Сонда олжалы жыл болар.
Ұлыс оң болсын!

Ақ мол болсын! (Ауыз әдебиетінен) деп наурызда айтылатын тілектер.

Қазақ тілінде малға байланысты көрініс тапқан тілдік фраземалар өте көп. Сондықтан ұлттық өмірдің айнасы болып табылатын фраземалардың әлемнің тілдік бейнесін жасаудағы орны ерекше болса, оны танымдық тұрғыдан талдау – қазақы өркениеттегі ұлттық мәдениеттің табиғаты мен бітім-болмысын ашуда үлкен мүмкіндік береді.

Адамның өмірі басқа жан-жануарлар, жәндіктермен де тығыз байланысты болғандықтан, ит-құсқа, басқа да ұсақ жәндік атаулы тіршілік иелеріне қатысты фраземалар бар.

Ит – жеті қазынаның бірі саналатыны белгілі. Түркі тілдерінің көпшілігінде, соның ішінде қазақ тіліндегі ит-құс – қасқыр және бөрі сөздерінің орнына қолданылған табу. Түркі тілдеріндегі табу және эвфемизм мәселелерін зерттеуші ғалым, профессор Ә. Ахметов ит-құстың ішкі формасы, уәжі туралы былай дейді: “Қазақ балаларына қасқырдың атын атауға болмайды, қасқыр малға шабады деп сендірген. Өйткені олардың астарында дәстүрлі наным-сенімдерден туындайтын атын атаса ит-құс малға шабады немесе адамға қастандық істейді деген этнографиялық ұғымдар жатыр. Ит-құс атауымен бірге қара құлақ, ұлыма, серек құлақ, теріс езу секілді жанама атаулардың бәрі сөз магиясына деген нанымның салдарынан туған эвфемизмдер” [Ә.Ахметов, 1995; 132 б.].

Қазақ тілін басқа түркі тілі материалдарымен салыстыра зерттеу нәтижесінде *ит-құс* сөзінің этимологиясы айқындала түседі. Қазіргі кезде тілде қос сөзге айналып кеткен *қасқыр* деген бір ұғымды білдіретін *ит-құс* о баста *бөрі* және *бүркіт* деген табу сөздің орнына қолданылған ит және құс деген дара эвфемизмдер екеніне көз жеткізуге болады. Бұл мәселе жөнінде түркі тілдеріндегі киноморфизмдерді этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеп жүрген жас ғалым С. Бектемірованың еңбектерінде жан-жақты талданған.

Қазіргі қазақ тілінде балағаттау, ұрысу сөздерін тура айтпай, эвфемистік түрдегі фраземаларды қолдана аламыз: *ит терісін басына қаптау, аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығу, иттің етінен жек көру, аш иттің артын сұқ ит жалайды* және т.б.

Қазақ халқының дүниетанымында киелі саналатын құстар да болған. Солардың бірі – қарға. Ескі жылнамаларда жазылған аңыздар бойынша көне түркілердің Ашина тайпасын жау шауып, жаппай қырып кетеді. Сонда жалғыз бала аман қалады. Баланы қасқыр емізіп, аспан әлемінің елшісі – қарға әкеліп асыраған. Осы баладан түркілердің ұрпағы тараған екен деседі [Қ.Сартқожаұлы, 1984; 19 б.]. Сондықтан көк бөрі түркілердің символы ретінде соның ұрпағы саналса, қазақта “қарға тамырлы” деген тіркестің төркіні осыдан болар.

“Қаны бір қазақпыз” деп бүкіл үш рудың азаматын, “түбі бір түркіміз” деп қырғызды, башқұртты, ұйғырды да, “өзбек – өз ағам” деп оларды да бауырына тартқан. Қазақ халқы кімде де, қай ұлтты да сыртқа теппеген, қайта жақын тартып жанаса жүрген. Өз қандасын “қанына тартпағанның қары сынсын” деп барын ортаға салып, туысқандықтың туын, ел намысын жоғары ұстай білген.

Қазақ халықында қарғаны киелі құс санағаны жөнінде деректер аз емес. *Біздің де қолымызға қарға тышар, қарға тамырлы қазақ, қарғам-ау* деген сөз *қарағым, қалқам* мағынасында қолданылуы, “*қарғам, қарашығым, қарғатайым*” деп қарттар немере-шөберелерін еркелеткені, қанша балаң бар деп сұрағанда, әдетте *бірнеше қарғам бар* деп жауап қайтарғаны осы қарға ұғымындағы киелілік сенімінен қалған болуы керек. Якут шамандарының ең қуатты пірі де қарға болған.

Қазақ тілінде адамға қатысты қолданылатын зооморфизмдердің коннотативтік мағынасында халықтың мәдени-тарихи тәжірибесімен байланысты туған бірқатар фраземалардың бар екені жинақталған деректерден көзіміз жетті. Мысалы: *арадай талау* “барлығына бірдей тұс-тұстан жабылып жеп жібере жаздады”, *аузын бақадай ашу* “қатты қорқыту, зәресін ұшыру”, *ала жылан аш бақа* “ел ішіне іріткі салушы”, *бақа қыбыр* “жай, баяу қозғалыс”, *сең соққан балықтай* “есеңгіреп, сандалып қалу”, *балық бақты* (диалект.) “балық шаруашылығын кәсіп етті”, *жапалақ ұшпас жапан* “айдала, мидай дала”, *жылан жалағандай* “еш нәрсе жоқ, түк қалдырмай, тым-типыл қылған”, *жылан жүріс* “ізін білдірмейтін, зымиян әрекет иесі”, *жылан қарағы жоқ* “арық қатықсыз кеспе”, *кенедей қадалу* “жабысы кету”, *кірпідей жиырылу* “жақтырмау, тымсырыну”, *қарға тамырлы* “іліс-

шатысты, туысқандық қарым-қатынасты", *қарға адым жер* "өте жақын қашықтық", *дүние қоңыз* "дүниеқор, пасық, малқор", *құмырсқадай қайнау* "толып кету, өріп кету, қаптау", *құлақ құртын жеу* "ешкімге тыныштық бермеу", *мысық тілеу* "арамдық, жамандық ойлау", *сіркесі су көтермеу* "ештеңені көңілі жақтырмау", *тасбақа жүріс* "тым баяу қимылдау", *тасбақаның аузынан шөп алу* "өте айлалы, тапқыр, жолы болғыш", *түлкі бұлаңға салу* "жалтартпа қулыққа салу", *түлкі құйрықтандыру* "алдау", *тышқан мұрнын қанатпау* "мал соймады, өте сараң", *шыбын жан* "өмір, тіршілік", *шыбын шаққан құрлы көрмеу* "менсінбеу", *көзіне көк шыбын үймелету* "азаптау, қинау" т.б.

Қорыта келгенде, зооморфтық атаулардың қатысымен жасалған фраземалардың тілімізде көп ұшырасатынына көзіміз жеткенмен, ары қарай танымдық, тілдік тұрғыдан талдауды болашақтағы жұмыстардың үлесіне қалдырдық.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвферизмдер. – Алматы: Ғылым, 1995. – 175 б.
2. Авакова Р.А. Фразеосемантика. Монография. –Алматы: Қазақ университеті, 2013.
3. Болғанбаев Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 1997. – 256 с.
4. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977. – 711 б.
5. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 191 б.
6. Қайдаров Ә., Ахтамбердиева З., Өмірбеков Б. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 220 б.
7. Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. – Алматы, 1994. – 304 б.
8. Сатенова С.К. Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты. – Алматы, 1997.
9. Сағидолла Г. С. «Түркі – моңғол тілдік байланысы: топонимия және фразеология». – Астана, 2011.
10. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы, 1994. – 190 б